



«Академиктер барынша ашық әрі әділ сайлануы қажет. Жұрт ұйымға мүше болу рәсімдерін және оған үміткерлерді толығымен біліп отыруға тиіс».





(Қазақстан Республикасының Президентінің Ұлттық ғылым академиясының мерейтойлық сессиясындағы сөзінен, 2022 жылғы 1 маусым, Алматы қ.)

Қазақстан Республикасы Президентінің жанындағы Қазақстан Республикасының Ұлттық ғылым академиясының академиктері








**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ПРЕЗИДЕНТІНІҢ ЖАНЫНДАҒЫ
ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ҰЛТТЫҚ ҒЫЛЫМ АКАДЕМИЯСЫНЫҢ
ТОЛЫҚ МҮШЕЛЕРІ – АКАДЕМИКТЕРІ**

№	Фото	ТАӘ	Туған күні	Зерттеу саласы	Ғылыми зерттеулері мен жетістіктері
1		АКШУЛАКОВ Серик Куандыкович	03.07.1952	Нейрохирургия саласындағы жетекші ғалым	250-ден астам ғылыми еңбектері жарияланған, соның ішінде 13 монография, 13 патенттің және 70 инновациялық технологияның авторы болып табылады. Оның басшылығымен келесі клиникалық бағыттар белсенді дамыған: 1) Микронеурхирургия; 2) Функционалды нейрохирургия; 3) Ми қан тамырлары ауруларын емдеу; 4) Омыртқа реконструктивтік операциялары; 5) Нейромодуляция және нейронавигация қолдану; 6) Радиохрургия – Гамма-пышақ
2		БАКЕНОВ Жумабай Бекболатович	31.03.1967	Энергияны түрлендіру және сақтау материалдары, энергия сақтау жүйелері саласындағы жетекші ғалым	250-ден астам еңбегі жарияланған. Жоғары заряд сыйымдылығы, сенімділігі, ұзақ қызмет ету мерзімі, экологиялық қауіпсіздігі және төмен өзіндік құны бар бірегей тез зарядталатын аккумулятордың авторы. Литий-ионды микроаккумуляторлар үшін литий-қалайы қорытпасынан көпқабатты жұқа пленкалы анод алу әдісін өзірлеген.
3		БАТЫРБЕКОВ Эрлан Гадлетович	15.02.1961	Атом энергетикасының қауіпсіздігі, басқарылатын термоядролық синтез, радиоэкология және радиациялық технологиялар саласындағы жетекші ғалым	200-ден астам ғылыми жарияланымдардың, соның ішінде 16 монографияның, 12 патенттің авторы. «Күшті ішкі реакторлық ядролық қоздырылған когерентті және когерентті емес оптикалық сәуле көздері, тікелей және аралас ядролық накачкалармен» ғылыми тұжырымдамасының авторы. Ол әлемде алғаш рет He атомының 5d–6p өту жолдарында ядролық энергияны лазерлік сәуле шығаруына айналдыруды тікелей (ядролық реакция өнімдері $B10(n,\alpha)Li7$ арқылы) және аралас ядролық накачкалар арқылы жүзеге асырған.
4		БИЛЯЛОВ Дархан Нурланович	12.02.1984	Білім беру саласындағы жетекші ғалым	Жоғары рейтингті журналдарда 40-тан астам жарияланымдар жариялаған: Studies in Higher Education, Higher Education Policy, European Education және Teachers College Record. 7 авторлық куәліктің иегері. NORRAG Knowledge Innovation Exchange оқу курсы аясында Өзбекстан және Қырғызстан елдік топтарына нұсқаушы ретінде қатысқан.







**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ПРЕЗИДЕНТІНІҢ ЖАНЫНДАҒЫ
ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ҰЛТТЫҚ ҒЫЛЫМ АКАДЕМИЯСЫНЫҢ
ТОЛЫҚ МҮШЕЛЕРІ – АКАДЕМИКТЕРІ**

№	Фото	ТАӘ	Туған күні	Зерттеу саласы	Ғылыми зерттеулері мен жетістіктері
5		ДЖУМАДИЛЬДАЕВ Аскар Серкулович	25.02.1956	Математика саласындағы жетекші ғалым	200 ғылыми жарияланымның авторы, оның ішінде жоғары рейтингті рецензияланатын ғылыми журналдарда 20-дан астам ғылыми мақаласы бар. Білім алушыларға арналған дискретті математика оқулығының авторы, «Әл-Жәбрдің атасы» ғылыми-танымдық журналының редакторы. Оның жетекшілігімен 1 докторлық диссертация, 8 кандидаттық диссертация және 4 PhD диссертация қорғалған.
6		ЗДОРОВЕЦ Максим Владимирович	08.06.1984	Радиациялық материалтану, мембраналық технологиялар және нанотехнологиялар саласындағы жетекші ғалым	300-ден астам ғылыми еңбегі жарияланған, 6 монографияның авторы, 4 PhD ғылыми жетекшісі. Оның жетекшілігімен трекалық мембраналар және радиациялық материалтану бағыттары белсенді дамыған.
7		КАЙДАРОВА Диляра Радиковна	24.07.1967	Онкология және онкогинекология саласындағы жетекші ғалым	250-ден астам ғылыми еңбегі жарияланған. 7 монографияның/монография бөлімдерінің, 3 оқулықтың, 6 авторлық куәліктің, 7 әдістемелік ұсынымның авторы. Оның жетекшілігімен әртүрлі локализациядағы ісіктерге сәулелік терапия саласында жаңа технологиялар енгізілді, сондай-ақ физикалық әсерді (электрлік импульстар) және химиялық ықпалды (химиопрепарат) үйлестіруге негізделген терінің бастапқы және метастатикалық ісіктерін емдеудің инновациялық әдісі әзірленіп, оның неопластикалық ошақтардың резорбциясында тиімділігі дәлелденді.
8		КАЛТАЕВ Айдархан	18.12.1950	Сұйықтықтар мен газдар механикасы саласындағы жетекші ғалым	Сақина тәрізді вирдің математикалық моделін жасап, оның динамикасын зерттеген; сондай-ақ төмен Мах сандары жағдайындағы жану камераларында көміртек-ауыртқы қоспасының жану процестерінің математикалық және есептеу модельдерін әзірлеп, олардың қасиеттерін талдаған. Сонымен қатар, уранды жер асты бұрғылау әдісімен сілтісіздендіру арқылы алу процесінің 3D имитациялық моделін және процесті болжауға, жоспарлауға, бақылауға және тиімді басқаруға мүмкіндік беретін цифрлық басқару жүйесін құрастырған.



**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ПРЕЗИДЕНТІНІҢ ЖАНЫНДАҒЫ
ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ҰЛТТЫҚ ҒЫЛЫМ АКАДЕМИЯСЫНЫҢ
ТОЛЫҚ МҮШЕЛЕРІ – АКАДЕМИКТЕРІ**

№	Фото	ТАӘ	Туған күні	Зерттеу саласы	Ғылыми зерттеулері мен жетістіктері
9		КУРИШБАЕВ Ахылбек Кажигулович	13.04.1961	Аграрлық ғылым саласындағы жетекші ғалым	200-ден астам ғылыми еңбегі жарияланған, 4 монографияның, 10 патенттің, авторлық куәліктер мен селекциялық жетістіктердің (жоңышқа, жұмсақ жаздық бидай, арпа) авторы. Оның ғылыми жетекшілігімен 3 кандидаттық және 5 PhD докторлық диссертация қорғалған. Сондай-ақ ҚР АШМ ауқымды бағдарламалары жүзеге асырылған: «Өсімдік шаруашылығында өнім өндіру кезінде дәл егіншілік технологияларын трансферттеу және бейімдеу, «көрме шаруашылықтар (полигонын)» принципі бойынша Солтүстік Қазақстан облысында».
10		ЛОКШИН Вячеслав Нотанович	19.11.1958	Көмекші репродуктивтік технологиялар саласындағы жетекші ғалым	215-тен астам ғылыми еңбегі жарияланған, соның ішінде 5 әдістемелік ұсыным, 3 монография. 5 рационализаторлық ұсыныстың, 7 патенттің авторы. Оның жетекшілігімен «Репродуктивті медицина» және «Көмекші репродуктивтік технологиялар» (КРТ) саласында жаңа ғылыми бағыттар қалыптастырылған. Сондай-ақ, ол онкологиялық науқастарда репродуктивтік потенциалды сақтауға бағытталған жаңа медициналық бағыт – онкофертильділікті құрған, осы үшін «Ресейдің үздік дәрігері» премиясына ие болған.
11		ОРЫНБАЕВ Мухит Бармакулы	08.03.1965	Биологиялық (ветеринарлық) қауіпсіздік саласындағы жетекші ғалым	300-ден астам ғылыми еңбегі жарияланған, соның ішінде 50 өнертабыс, 4 монография және 1 оқулық, диагностикалық және профилактикалық препараттарды өндіру және бақылауға арналған 17 нормативтік-техникалық құжаттардың, 10-нан астам енгізілген вакцина және диагностикалық препараттардың авторы. Ол «Neetling-RIBSP» штаммынан және басқа да штаммдардан нодулярлық дерматитке қарсы вакцинаны әзірлеген.
12		ПЯ Юрий Владимирович	22.08.1957	Кардиология және кардиохирургия саласындағы жетекші ғалым	Қазақстандағы кардиология және кардиохирургия қызметін дамыту бағдарламасының авторларының бірі. Қазақстанда бірнеше инновациялық технологияларды енгізген: жүрек, өкпе трансплантациясы; ауыр жүрек ақауы бар нәрестелерге кардиохирургиялық операциялар; донорлық жүректі сақтау үшін кондиционерлеу әдісі; митралды клапанды клиптеу; аорта доғасына фенестрленген графтты имплантациялау және тағы басқа.






**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ПРЕЗИДЕНТІНІҢ ЖАНЫНДАҒЫ
ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ҰЛТТЫҚ ҒЫЛЫМ АКАДЕМИЯСЫНЫҢ
ТОЛЫҚ МҮШЕЛЕРІ – АКАДЕМИКТЕРІ**

№	Фото	ТАӘ	Туған күні	Зерттеу саласы	Ғылыми зерттеулері мен жетістіктері
13		РАМАЗАНОВ Тлекабул Сабитович	28.05.1961	Плазма физикасы және плазмалық нанотехнологиялар саласындағы жетекші ғалым	500-ден астам ғылыми еңбек, 2 монография, 15 оқу-әдістемелік құрал жарияланған. Физика ғылымының дамуына елеулі үлес қосатын бірқатар зерттеулердің авторы. Жүргізілген зерттеулердің нәтижелері: 1) жүйенің белгілі бір параметрлері кезінде тығыз классикалық плазма сұйықтық сияқты қасиет көрсетеді; 2) ұжымдық және кванттық әсерлерді ескеретін тығыз квазиклассикалық плазма бөлшектерінің өзара әрекеттесуінің жаңа модельдері ұсынылды және т.б.
14		СУРАГАН Дурвудхан	25.04.1988	Математика саласындағы жетекші ғалым	90-нан астам ғылыми еңбек, 2 монография жарияланған. Келесі тақырыптар бойынша зерттеулердің авторы: Харди типті жетілдірілген теңсіздіктер; Субэллиптикалық функционалдық теңсіздіктер; Харди типті теңсіздіктер үшін қалдық мүшелерді талдау; Градуирленген Ли топтарындағы потенциалдар теориясы.
15		ТАЙМАГАМБЕТОВ Жакен Кожаметович	14.12.1953	Тас дәуірі саласындағы жетекші ғалым	Әлемнің 12 тілінде жарық көрген 550-ден астам ғылыми еңбектің, оның ішінде 53 монографияның авторы. 2 авторлық куәлігі бар. «Франко-Қазақстан университеттік орталығы «Люмьер» корпоративтік қорының Қамқоршылық кеңесінің мүшесі. Бірқатар ғылыми жаңалықтардың авторы, соның ішінде Қазақстанның әртүрлі өңірлерінде палеолит дәуіріне жататын 300-ден астам ескерткішті алғаш ашқан ғалым. Олардың қатарында Қошқорған, Шоқтас, Қызылтау, Мұғалжар, Арал, Өзен, Майбұлақ, Үшбұлақ. т.б
16		ТЕЛТАЕВ Багдат Бурханбайұлы	23.03.1966	Жол құрылымдары мен материалдарының механикасы саласындағы жетекші ғалым	870 ғылыми еңбек жариялаған, оның ішінде 160-тан астамы жоғары рейтингті басылымдарда жарық көрген. 3 ғылыми жаңалықтың, 8 монографияның, 70 нормативтік құжаттың және 40 өнертабыстың авторы. Жол құрылымдары мен материалдары саласының маманы. Қазақстанның Битум картасын, Қазақстанның жол-климаттық аудандастырылуын, жергілікті маңызы бар автомобиль жолдарына арналған жол жамылғыларының үлгілік конструкцияларын, автомобиль жолдарының жол жамылғыларының ұтымды конструкциялары альбомын әзірледі. Сондай-ақ материалдарды наноөлшемге дейін ұнтақтайтын қондырғыларды, ұнтақталған материалдарға арналған бұрандалы жіктеушіті, жол құрылымдарындағы температура мен ылғалдылықты өлшеуге арналған датчиктер мен әдістерді және т.б. әзірлеген.



**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ПРЕЗИДЕНТІНІҢ ЖАНЫНДАҒЫ
ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ҰЛТТЫҚ ҒЫЛЫМ АКАДЕМИЯСЫНЫҢ
ТОЛЫҚ МҮШЕЛЕРІ – АКАДЕМИКТЕРІ**

№	Фото	ТАӘ	Туған күні	Зерттеу саласы	Ғылыми зерттеулері мен жетістіктері
17		ТУРУСПЕКОВ Ерлан Кенесбекович	31.05.1964	Өсімдіктер генетикасы саласындағы жетекші ғалым.	180-нен астам ғылыми еңбектер жарияланған, оның ішінде халықаралық жоғары рейтингті ғылыми журналдарда, 4 монография, 4 ұсыным, сондай-ақ төрт (аймақтық) ауылшаруашылық дақылдарының сорттарының авторы. Ол толық геномдық ассоциацияларды талдау жүргізді: жұмсақ бидай, қатты бидай, арпа және соя коллекцияларында. Бидай, арпа және сояның шаруашылыққа пайдалы белгілерін анықтайтын жаңа ДНҚ-маркерлерді анықтады; арпада жабық гүлдеу түріне жауапты гендерді генетикалық және физикалық карталау жүргізді. Арпада гүлдеу түрін бақылаудың молекулярлық-генетикалық механизмін анықтады. Қазақстанда бидай, арпа және соя селекциясының тиімділігін арттыру үшін ақпараттық SNP-маркерлер жиынтықтарын жасады. Қазақстанның сирек кездесетін және шаруашылыққа құнды жабайы флора түрлерін молекулярлық таксономиясын жүргізді, атап айтқанда: қызғалдақ, пияз, жоңышқа, лютик, қышқылжапырақ, көктерек және тағы басқа туыстығы жағынан жақындығы бар өсімдіктер.
18		АБДРАХМАНОВ Сарсенбай Кадырович	14.11.1966	Ветеринариялық эпидемиология және ветеринарияда ақпараттық-коммуникациялық технологияларды қолдану саласындағы жетекші ғалым	316-дан астам ғылыми және ғылыми-әдістемелік еңбектердің авторы, оның ішінде 37-і Web of Science және Scopus деректер базасына енгізілген шетелдік басылымдарда жарияланған; соның ішінде 6 монография, 27 оқу құралдары мен оқулықтар, 15 өнертабыс патентінің, 2 вакциналық препаратқа арналған нормативтік-техникалық құжаттаманың (НТД) әзірлеушісі, олар Ветеринариялық препараттардың мемлекеттік тізілімінде тіркелген. Ветеринариялық эпидемиология және ветеринарияда ақпараттық-коммуникациялық технологияларды қолдану саласындағы отандық ғылыми мектептің негізін қалаушы.
19		ТУЙМЕБАЕВ Жансейт Кансейтулы	08.07.1958	Филология, түркология және алтаистика саласының маманы	Отанда және шетелдік басылымдарда 100-ге жуық ғылыми еңбек, сондай-ақ 40-қа жуық монография, оқулық, сөздік және кітап жариялаған, 5 PhD докторын даярлаған. Түркі және моңғол тілдерін салыстырмалы-тарихи тұрғыдан зерттеудің дамуына елеулі үлес қосқан филолог. «Ұлы Дала» халықтарының этнотілдік байланыстары, тарихи фонетикасы мен лексикологиясы мәселелеріне маманданған. Ғылыми бағыты: түркі-моңғол тілдік байланыстары, теориялық лингвистика және алтаистика, этнолингвистика және тіл тарихы